

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Мамандығым-мақтанышым!»

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.09.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/81792/>

Дали Жаңылсын Сәрсенбекқызы

«Жауқазын» балабақшасының тәрбиешісі

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы жетібай ауылы

«Мамандығым-мақтанышым!» Әр мамандықтың өз қиындығы, өз қызығы бар. Менің мамандығым-тәрбиеші. Мен 2016 жылдан бастап Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылында «Жауқазын» балабақшасында 4 жыл жұмыс атқарып келемін. Өз мамандығым өзіме ұнайды. Балабақшада жұмыс жасау өте жауапты іс болғандықтан тәрбиеші үнемі жинақы білікті, шығармашыл тұлға болуы керек деп ойлаймын. Балабақшаға кіргенде жас бүлдіршіндердің жағымды үндері, сыңғырлай күлген дауыстары мені қуанышқа бөлейді. Күнде таңертең жұмысқа келгенде, балалармен бірге болған әрбір уақытым мені жаңа әлемге жетелегендей болады. Балалар өте таза шынайы ақ парақ сияқты сол таза балаларға бар білімімен тәрбиені беруде өз тәжірибемдегі барлық білік білімді аяған емеспін. Ұлтымыздың келешек ұрпақтары заманымызға сай тәрбиелі ұрпақ болып өсуіне өз үлесімді қосудамын. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет. Ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату мына біз тәрбиешілердің еншісінде. Балабақшада балалардың өз ана тілін жетік меңгеруіне әрдайым басты назарда ұстаймын. Әр ұлт өз тілін салт-дәстүрімен халқының, елінің дінін, тарихын өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына сіңіріп тәрбиелеу керек. Балалармен жұмыс жасау-үлкен бақыт. Осы бір «Балалар әлемінің теңізіне» бір бойласам, ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейді. Өйткені, бала-пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты. Балалар – өмір гүлі. Ал гүлдер ешқандай жасандылықсыз, шынайылықпен баптағанда ғана өседі. Менің мамандығым әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі мен мамандығымды мақтан тұтамын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.